

Э.Т. Бакыткали*, З.О. Дукенбаева, Б. Мұратбекқызы, Ж.С. Ерденбекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: elder-01.95@inbox.ru; rio@ppi.kz; bibimur64@mail.ru; jan.e73@mail.ru)*

Иштван Мандоки еңбектеріндегі қазақ-түркі тарихының мәселелері

Мақала әйгілі мажар ғалымы, түркітанушы, еуропалық қыпшақтанушы Иштван Қоңыр Мандокидің ғылыми қызметіне арналған. Оның негізгі ғылыми қызығушылықтары қыпшақ-түркі филологиясымен, мажарлардың ежелгі тарихымен, мажар қыпшақтарының этнографиясы мен этникалық тарихымен және мажар тіліндегі түркі текті көптеген сөздердің түп төркінін зерттеумен байланысты. Ғалымның венгер, неміс, француз, қазақ т.б. тілдерде қырықтан астам ғылыми мақалалары жарияланған. Авторлар мақалада И. Мандокидің еңбектері және ғылыми зерттеуінің негізгі бағыттарын қарастырған. Сонымен қатар түркітануға және қыпшақтануға қосқан үлесіне талдау жасаған.

Кілт сөз: Иштван Мандоки, тарих, түркітану, қыпшақтар, қыпшақтану, Иштван Мандокидің еңбектері, мажарлар.

Kipicne

Мажар халықтарының тарихы, шығу тегі және мәдениеті номадтардың мәдени және этносаяси кеңістігімен тығыз байланысты және мұндай байланыстар жазбаша және ауызша деректерде, географиялық топонимикада, номадизмнің ортақ мәдениетінде көрініс тапқан. Сондықтан, ежелгі және орта ғасырларда Еуразия аймағында өмір сүрген халықтардың этномәдени байланыстары мәселесі үнемі тарихшылардың, этнографтардың, археологтардың және филологтардың назарында болып келеді. Орта ғасырларда мажарлар түркі халықтарымен тығыз этномәдени және саяси байланыста болды және бұл байланыстардың мажарлардың тарихи өмірінде айтарлықтай рөл атқарғандығы белгілі.

Сондықтан, қазақтар мен мажарлардың тарихының өзара ортақ тұстарының көп болуы Мажарстан мен Қазақстан арасындағы өзара туыстық көпір салуды қалаған белгілі тұлғалардың қалыптасуына алып келді. Осындай тұлғалардың қатарында тек қана Мажарстанда ғана емес, күллі түркі дүниесі қастерлейтін ұлық есімдер қатарынан орын алған көрнекті тұлға Иштван Қоңыр Мандоки болды. Ол Шыңғыс жорығы тұсында Карпат қойнауындағы мадиярлар арасынан пана тапқан құман-қыпшақ жұртының тумасы Мандоки Қоңыр түркі халықтарының ондаған тілін еркін меңгерген, бұған қоса зерттеушілік қарымы ерен, Тұран халықтарының фольклорлық-дүниетанымдық санасын бойына дарытқан ғалым және еуропалық қыпшақтанудың негізін қалаушы.

Иштван Қоңыр Мандоки қазақтың рухани өмірінде 1970 жылдардың аяғы мен — 1980 жылдардың бас кезінен бастап таныла бастады. Оның ерен еңбегінің жемісі — артында қалған отандастарына, соңынан ерген ізбасарларына өте бай, рухани құндылығы зор мұрасын қалдырды. Атап айтқанда, түркі әдебиетін, тарихын оның мән-маңызы мен өзіне тән ерекшеліктерін, шығу тегін, қоғамдық қызметі мен әдеби-тарихи процестің заңдылықтарын зерттеуде жүз жылдық тарихы бар мажар түркологиясының ғалымдары, соның қатарында Қ. Мандоки тарих, әдебиет тарихы мен фольклорына байланысты іргелі ғылыми еңбектер жазып, түркітану ғылымының дамуында үлкен еңбек сіңірді. Алайда, ғалымның сан салалы ғылыми еңбектері әлі күнге дейін арнайы зерттеліп өз бағасын толық ала қойған жоқ. Сол себепті ғалымның өмірі мен шығармашылығын арнайы зерттеудің мәні зор.

Зерттеу әдістері

Иштван Мандокидің еңбектерін және оның түркітану мәселесіне қосқан үлесін зерттеу барысында историзм және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Жүйелілік әдісі Иштван Мандокидің жекелеген ұстанымдары мен көзқарастарын қарастыруға мүмкіндік берді. Пәнаралық тәсілдің негізінде тарихи және әдеби мәліметтер синтезделді. Осымен бірге, Қоңырдың ғылымның дамуына қосқан үлесін бағалау және оның ғылыми еңбектерімен зерттеу бағыттарын айқындауда сипаттау және талдау әдістері қолданылды. Тарих ғылымының әдіснамасында тарихи тұлғаға деген қатынас айтарлықтай орынға ие. Осыны басшылыққа ала отырып, жеке тұлғаның әлемін тану міндеті қойылды.

Талқылау

Мандоки Қоңыр Иштван 1944 жылы 10 ақпанда Мажарстанның Кішіқұман (Кишкуншаг) өңірінің рухани орталығы саналатын Карцаг қаласында дүниеге келген. Жалпы білім беретін мектепті бітірген соң сол кездегі саяси-идеологияның кесірінен бай-шонжардың ұрпағы санатындағы жеткіншекке университет есігі жабық болды. Сөйтіп ол ауыл шаруашылығы техникумын аяқтап, аз уақыт ат мектебінде жұмыс істеуіне тура келеді. Мажарстанда саяси ахуал біршама өзгере қалған кезде өзінің жерлесі, әлемге атышулы түркітанушы, академик Немет Дьюланың партиялық кепілдемесінің арқасында 1963 жылы Қоңыр Будапешт мемлекеттік университетіне қабылданады [1]. Профессор Немет Дьюланың жетекшілігімен түркітану мен ежелгі мажарлардың тарихын зерттеп қана қоймай, ол араб филологиясымен, мажарлардың Еуропаға қоныстану тарихын игерумен шұғылданады. Қоңыр әйгілі ғалым Цегледи Каройдан моңғолтану мен қытайтануды, Жигмонд Телегдиден ирантануды үйренеді [2].

Осымен бірге, университетте оқыған жылдары Еуропадағы түркі этникалық топтарының ортасында ғылыми экспедиция мақсатында жиі болып, олардан тілдік, фольклорлық және этнографиялық мәліметтер жинақтайды. Осылайша, Еуропадағы түркі шоғыры ортасынан басталған зерттеу, экспедициялық жорығы ендігі кезекте Анадолыға, одан әрі ежелгі түріктің атақонысы Орхон өзені бойына дейін жалғасты [3].

Жоғары оқу орнын бітірген соң Сечени ұлттық кітапханасында, Будапешт университетінің түркология кафедрасында, Мажарстан Ғылым академиясының алтаистика зерттеулер тобында қызмет істеген. Қазақстанмен қатар ол Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Башқұртстан, Татарстан және Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі тілдес халықтардың тілін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, ауыз әдебиетін кешенді түрде зерттейді. Сөйтіп түркі-мажар байланыстарын негізгі нысана етіп алады. 1981 жылы «Мажарстандағы қыпшақ тілінің ескерткіштері» деген тақырыпта диссертация қорғайды. Қоңыр ғылыми ізденістерін ары қарай өрбітіп, бүкіл түркі әлемінің шығу тегіне, көне тарихына, тұрмыс-салтына, тілі мен этнографиясына байланысты біраз еңбектер жариялайды. Ол ғылыми туындыларын мажар, қазақ, ағылшын, неміс, француз, түрік және басқа тілдерде жазған. Негізі Қоңыр бірнеше ондаған тілді меңгеріп, оншақты тілде ғылыми баяндамалар жазып, мақалаларын жарыққа шығарған.

Атап өту қажет, Қоңырдың ғылыми қызығушылықтарына оң әсер еткен әкесінің «Сендер қыпшақсындар, сендердің атамекендерің — қазақ жері, осы жерде сендердің бауырларың өмір кешіп жатыр. Біз қазір Еуропаға араласып, тілімізді де, салтымызды да ұмыттық, бірақ жүрегіміздің түбінде үлкен арман жатыр. Егер мүмкіншілік болса, балам, ата-бабаларыңның табаны тиген сол өңірді тап. Сенің тегің — қыпшақ, тамырың — Ұлы Далада, қолың жетсе баршамызға арман болған Далаға бар. Ата-баба жұртыңа тағзым ет» деген аманаты болды [4; 16].

2008 ж. Алматы қаласында жарық көрген және мажарстан ғалымы Мандоки Қоңыр Иштванға арналған «Ұлы даланың біртуар ұланы» аталатын жинақта Қ. Иштванның өзі жазып қалдырған жазбасы басылып шыққан. Осы жазбаға сәйкес ғалымның зерттеу нысанының негізгі бағыттары келесілерді қамтыған: көне және бүгінгі қыпшақ жұрттарының тарихы, тілі, мәдениеті мен әдебиеті, фольклоры және этнографиясы; Моңғолиядағы түркі және ұйғыр руникалық жазба ескерткіштеріне қатысты деректерді жинақтау және зерттеу; Моңғолиядағы тува, сондай-ақ (бұрынғы) Кеңес Одағының өзбек, түркімен және Романия мен Бұлғариядағы гагауздарды этнографиялық, лингвистикалық және фольклорлық тұрғыдан зерттеу; Түркі-мадиярлардың көне тарихи байланыстарын зерттеу (мадияр тіліндегі көне түркінің кірме сөздері, печенег-қыпшақ кірме сөздері, сондай-ақ башқұрттар мен мадиярлардың тарихи және тілдік байланыстары). Осымен бірге, Қ. Иштванның еңбектерінде ертедегі және бүгінгі қыпшақ жұрттарының тарихы бойынша: қытай, араб, парсы, грузин, армян, славян, латын, мадияр, роман, араб тілдеріндегі дереккөздер мен жәдігерлерден (біздің жыл санауымыздан бұрынғы) бастап бірінші мыңжылдықтың орта шеніне дейінгі аралықтағы құман, қыпшақ жұрттары мен этностарының тарихы және XV–XVI ғасырлардағы дәуірлеуі, ірілі-ұсақты тайпалық одақтары мен мемлекеттерінің құрылуының тарихи жағдайы қарастырылған. Атап айтқанда, XI–XIII ғасырлардағы шығыс Еуропа — Орта Азиялық ұлы Қыпшақ тайпалық одағы; Дешті Қыпшақ империясының құрамындағы жұрттарының және XII–XV ғасырлардағы Мысыр мен Сириядағы Мәмлүк сұлтандығының тарихы; Мажарстан мен Балқандағы құмандардың тарихы зерттелген [5].

Осылайша, Қоңырдың саналы ғұмырының мақсат-мүддесі өзі шыққан Мажарстандағы құман-қыпшақтар шоғырының ғасырлар бойы армандаған мұраты — Мажарстандағы құман-қыпшақтардың

ұмыт болған тілін, ділін қайта жаңғырту, қалпына келтіру болған. Ол құман-қыпшақтарға тегі, мәдениеті, тарихы, тілі жағынан ең жақын тұрған қазақ, ноғай, қырғыз, қарашай, құмық, башқұрт тілдерін жетік меңгере отырып, сол арқылы көне қыпшақ (құман) тілін қайта қалпына келтіруді басты мақсат етіп ұстанған. Ескі әңгімелер мен көне қолжазбалардағы құмандық фамилияларды, диалект сөздерді, көне географиялық атауларды зерттеуге арналған диссертациясында көптеген тың жаңалықтарды ашқан. Бұған қоса құман-қыпшақтардың жазба тіл ескерткіштерінің бірі — санамақты, мадияр тіліндегі құман-қыпшақтық кірме сөздерді, диалектілерді, Мажарстандағы Құманиялық елді мекендердің аты мен адам есімдері, фонетикалық, семантикалық және тарихи тұрғыдан жете талдаған этимологиялық зерттеулері ғылымға қосқан Қоңырдың өшпес үлесі болып қалды. Көп жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1981 жылы «Мажарстандағы құман тілінің ескерткіштері» атты еңбегі жарық көрді.

Мысалы, ғалым мадияр тіліндегі көне түркілік кірме сөздерін зерттеп, біршама сөздердің этимологиясын (*бір, бөрту, бұту, дионик, каптань, козма, тилт және т.б.*) тапқан. Осымен бірге, башқұрт пен мадияр тіліне ортақ саналып жүрген топонимдер мен этнонимдер тақырыбында қазірге дейін ғылымда қабылданып, екі тілге ортақ саналып жүрген *ианә, нәмән, кеше, йуламан* қатарлы башқұрт есімдері мадиярдың *иена, кеси, ньек, диула* этнонимдерімен лингвистикалық және тарихи негіздерге байланысты ортақ байланыста деп қабылдаудың ағаттық екенін дәлелдеген.

Сондай-ақ, Иштван Қоңырдың түркі халқының фольклорын зерттеуде көп еңбек сіңіріп, аударма ісімен айналысып, түркологияны жоғары деңгейге көтерген ағартушы ретінде рөлі ұшан-теңіз. Ғылыми саяхат экспедициясы бойынша Шығыс Еуропадан бастап Қазақстанда, Қырымда, Алтайда, Памирде және Орхон аймақтарымен Орта және Кіші Азияда болып, түркі халықтарының тарихы туралы мәліметтерді толықтырған. Өткен ғасырдың 80-90 жылдары танымал болған венгр ғалымының есімі мен Қазақстанды өркениеттің бесігі, ерекше шынайылық байланыстырады. Ол «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының ортақ тарихи тамыры негізінде Венгрия мен Қазақстан арасындағы мәдени ынтымақтастықтың белсенді жақтаушысы және негізін қалаушылардың бірі [6]. Мысалы, Мандоки Қоңыр Иштванның Қазақстанға арнайы ғылыми сапармен келген кезде «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында осы сапарының мақсаты жөнінде: «...ертеректе, шамамен IX–XIII ғасырларда, әртүрлі тарихи әлеуметтік, қоғамдық жағдайларға байланысты қыпшақтардың жекелеген топтары Еуропаға, оның ішінде бүгінгі Венгрия аумағына қоныс аударыпты. Олар Орта Ертіс, Арал маңынан, тағы басқа жерлерден көшкен болуы мүмкін. Мәселен Шыңғыс, одан кейінгі Бату шапқыншылығы тұсында қыпшақ ханы Қоданның бастауымен бір бөлігі Венгрияға қарай қоныс аударғаны жайлы тарихи мағлұматтар бар. Қазіргі Венгрияда тұратын 220 мыңдай мажар (мадияр) қыпшақтары солардан тараған. Менің зерттеп жүрген тақырыбым «Венгрияда тұратын қыпшақтардың тарихы, тілі, этнографиясы». Қазақстанға былтыр да, биыл да келуім осы мақсатқа байланысты» деп атап көрсеткен [6]. Айта кету керек, мажар және күллі түркі халықтарының бауырлас ел екенін дәлелдеген түркітанушы ғалым Иштван Қоңыр Мандоки. Оның зерттеуінше, IX ғасырда 40 мыңға жуық қыпшақ моңғолдардың 1239 жылғы шапқыншылығынан кейін Мажарстанға қоныс аударған [7].

Қоңыр «*Világiradalmi lexikon*» — әлем әдебиетінің энциклопедиясының VII томына (ол екі кітаптан тұрады) түркі жұрттарының әдебиетіндегі отызға тарта тұлға мен әдеби жанрлар мен кесек туындылар туралы мақала жариялаған [1], «Күн тілінің Мажарстандағы ескерткіші» (1993) атты еңбегінде мажар тіліндегі кейбір сөздер мен қазақ тіліндегі сөздердің ұқсастығын келтіреді. Мысалы: арқан — *arkany*, ұнтақ — *ontak*, шолақ — *csollak*, қанжыға — *kangyik*, пышақ — *bicska* т.б.

Қоңыр қазақ мәдениетін, әдебиетін де насихаттаудан тыс қалмады. Қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар жайлы (Абай, Ж. Жабаев, І. Жансүгірұлы, Н. Байғанин, Ы. Алтынсарин және т.б.) және ауыз әдебиетінің жанрлары туралы Әлем әдебиеті энциклопедиясында (*Világiradalmi Lexikon*) мақалалары жарияланған. Сондай-ақ, ол қазақ әдебиетінің мадияр тіліне аударылып насихатталуына үлкен үлес қосты. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» (*Nagycsalad. Budapest, 1980*), *A dijnnyertés ló* — «Бәйгелі сәйгүлік» деген атпен қазақ жазушыларының (*Budapest, 1977*) әңгімелер жинағын шығарды, сондай-ақ қазақ, қарақалпақ, татар, өзбек халық әндері туралы жеке-жеке арнайы зерттеу мақалаларын жариялаған. Осымен бірге, фольклорист ретінде Қоңырдың назар аударған бір мәселесі — жұмбақтар. Жұмбақ — ауыз әдебиетінің көне заманнан келе жатқан және күні бүгінге дейін дамуын тоқтатпаған жанрдың бірі. Жұмбақтардың о баста пайда болуына себепші болған құбылыс — табу. Табу әуел баста этнолингвистикалық ұғым ретінде полинизияның тунга тілінен тарағанымен, бұл күнде ол — әлем тілдерінің бәріне еніп үлгерген халықаралық термин [8; 198].

Мандокидің жинаған қазақ жұмбақтарында осман-түрік әліппесінің басқы төрт қаріпі ретімен терілген ұзын саны — 237 жұмбақ жазылған. Жинақталған жері Моңғолиядағы қазақ шоғырының ортасы болып саналады. 1985 ж. ағылшын тілінде «Моңғолиялықтардың жұмбақтары» атты жинақты «Дәптер» деп аталатын сериямен дайындаған. Бұл жөнінде Қоңыр былай деген: «Қыпшақ тектес халықтарды жан-жақты зерттеу мақсатында мен 1974 жылдан бастап Моңғолияның батысы — Баян-Өлгей мен Қобдада тұратын қазақ диаспоралары арасында кешенді экспедициялық зерттеу жүргізіп келемін. Көлемді тілдік деректер, диалект сөздерінің жинағы, бірнеше томдық қаһармандық дастандар, ертегілер, қазақ халқының өлеңі — қара өлеңнен үзінділер, суырып салма өлең — айтыс, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, би-шешендердің сөздері, бір сөзбен айтқанда, ауыз әдебиеті мұрасының сирек үлгілері — осы зерттеулердің нәтижесі. Сонымен қатар, көшпелі өмір салтына және соған негізделген дәстүрлі рәсімдер мен жоралар, спорттық ойындардың түрлері туралы арнайы нақты деректерді, сондай-ақ кейбір мал түрлерін өсіру, күту тәсілдері жайлы фактілерді жинадым және осының бәрі туралы бірнеше мақалалар ғана жариялай алдым. Ағылшын тілінде шығарылатын жинақтың «Девтэр» (дәптер) сериясына «Моңғолияда тұратын қазақтардың жұмбақтары» атты бір томдық дайындадым» [9; 110].

1985 ж. 25 наурызда Қоңыр өзінің негізгі зерттеу бағыттары бойынша: «...менің ғылыми ізденісімнің бағыттары бойынша 60-қа жуық жарияланым жарияланды. Оның 40-ы ғылыми, 20-сы ғылыми-танымдық мақалалар. Аударма саласында мен Добруджидағы татарлар мен ноғайлар, қарашайлар, балқарлар, құмықтар, қырғыздар, башқұрттар, қарақалпақтар, қазан татарлары, алтайлар, якуттар, өзбектер және т.б. халықтардың фольклоры мен мәдениетіне байланысты көптеген аудармалар жасадым. Сонымен қатар жоғарыда аталған халықтардың әдебиетіне, фольклорына байланысты көптомдық құрадым, алғашқы аудармалар, бақылау аудармаларын жасадым, олардың кейбіреулеріне алғы сөздер, түсініктемелер жаздым және редакцияладым. Олардың жалпы саны шамамен 50-ге жуық», — деп атап өтеді [9; 112].

Сонымен бірге, көрнекті ғалым Шоқан Уәлиханов туралы да мақала жазған. «Әлемге құлақ түргізген» деген тақырыппен аталмыш мақала «Білім және» еңбек журналының 1985 жылғы № 11 санында жарияланған. Мақалада Қоңыр Шоқан туралы төмендегі пікірді айтқан. «Ұлы әл-фараби өз замандастарына Аристотельді түсіндіргені іспетті Шоқан да шығыс туралы ғылымды замандастарына, әлемге, келер ұрпақ мына біздерге қолға қойғандай етіп түсіндіріп берді» деп үлкен жүрекпен, қыпшақ ұлының қазақ ұлына деген туыстық махаббатпен, ғалымдық көзқараспен баға береді. Өз басымы Шоқан бойындағы ғылыми ақиқатқа жетуге деген «шыдамсыздыққа» табынамын. Әрнені бір малшылап кетпей, тиянақты іс атқаратынына табынамын. Сексен, тоқсан жасқа келсе қандай болар еді деп аса қайран қаламын» деп шоқанды биік тұрғыдан көреді... Шоқан рухына табынып, мұраларын қызғыштай қорып, насихаттап жүретіндердің бірі — әйгілі түрколог, профессор Жұла Немет еді. Ол кісі Шоқан туралы «Шоқан және Орта Азия ғылымы» деген дәріс оқитын. Ұстаздың бір айтқаны санама әбден шегеленіп қалыпты. Шоқан Уәлихановты қазақтың тұңғыш ғалымы деп жаңсақ айтамыз. Оған дейін де көшпелілер әлемі маңдайы жарқырап туған талай-талай торсық шеке ұлдар сүйген. Шоқан — Ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі бітімі бөлек соңғы ғалым. Солай тұжырымдау керек» [10]. Біздің ойымызша, Қоңырдың осы айтқандарының өзі-ақ шоқантануда еңбек жасап жүрген зерттеушілеріміздің Шоқанды «Күн» қылып көрсетудегі әсіре сілтеушілігіне де баға беріп отырғанын көреміз.

2020 ж. Халықаралық Түркі академиясы «Мажарстан түркологиясы» деп аталатын халықаралық конференция өткізді. Осы конференцияның аясында Қоңырдың «Үзілмес тамырлар» аталатын монографиясының және Қоңыр еңбектерінің библиографиялық нұсқағышының тұсаукесері өтті. Монографияда Мажарстандағы ежелгі құман-қыпшақтардың географиялық атаулары мен тілдеріне, сонымен бірге Дунайдың төменгі ағысындағы Добруджи өңіріндегі татар-ноғай қауымының ауызша әдебиеті мен тіліне қатысты материалдар жарияланған.

Қорытынды

Бүкіл саналы ғұмырын түркітану, тарих және түркі фольклоры мен әдебиетін зерттеуге арнаған көрнекті түркітанушы ғалым Иштван Қоңыр Мандокидің артында қалған сан саналы ғылыми мұрасын қарастыра келіп, түркі тілдес халықтардың бірнеше ғасырлық даму тарихын зерттеу ісіне қомақты үлес қосқанын айқын көруімізге болады. Ғалымның тарих пен қазақ әдебиетінің дәуірлік кезеңдері туралы құнды еңбектерін ұлтымыздың игі мұрасы, халықтың үлкен рухани қазынасы деп білу керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мандоки Қоңыр Иштван: өмірі мен өнегесі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: // <https://merci-m.kz/ru/2020/11/06/mandoki-o-yr-ishtvan-miri-men-negesi/>.
- 2 Европейский кыпчак, который всей душой любил тюркские народы. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/5301>.
- 3 Хинаят Б. Великая степь и ее поклонник / Б. Хинаят // Казахстанская правда. — 2003. — 20 сент.
- 4 Хинаят Б. Мажарстан түркологиясы: құман-қыпшақ текті ғалымдар және Мандоки Қоңыр Иштван / Б. Хинаят // «Қазақ тілінің тарихы: Алтай дәуірі — прототүрік кезеңі — көне түркі ескерткіштері» атты Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары (29 қараша — 2 желтоқсан). — Астана. 2007.
- 5 Астанада Иштван Қоңыр Мандокидің мұрасы насихатталды [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://e-history.kz/kz/news/show/1396>.
- 6 Мандоки Иштван Қоңырдың ата-жұрт жеріндегі алғашқы сұхбаттары // Қазақ әдебиеті. — 1977. — 14 октябрь.
- 7 Қоңырдың жүрегі қазақ деп соқты [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://inbusiness.kz/kz/news/%C2%ABkonyrdyn-zhuregi-kazak-dep-sokty%C2%BB>.
- 8 Моңғолиядағы қазақ жұмбақтары. Мандоки Қоңыр жинақтаған фольклор үлгілеріндегі Моңғолиядағы қазақтар жұмбақтары // Жұлдыз. — 1996. — № 6. — Б. 198-200.
- 9 Бабакумар Х. Памяти Мандоки Коныра Иштвана (1944–1992) / Х. Бабакумар // Ұлы даланың біртуар ұланы. — Алматы, 2008. — С. 105–116.
- 10 Мандоки И.Қ. Әлемге құлақ түргізген (Еуропа ориенталистикасындағы Шоқанның орыны). / И.Қ. Мандоки // Білім және еңбек. — 1985. — № 11. — Б. 5-7.

Э.Т. Бакыткали, З.О. Дукенбаева, Б. Мұратбекқызы, Ж.С. Ерденбекова

Вопросы казахско-тюркской истории в трудах Иштвана Мандоки

Статья посвящена краткому обзору научной деятельности выдающегося венгерского ученого, тюрколога, основоположника европейского кыпчаковедения. Его основные научные интересы — кыпчакотюркская филология; древняя история мадьяр; этнография и этническая история кунов (кыпчаков Венгрии); казахско-кунские параллели языка и этнографии. Он опубликовал более сорока научных статей на венгерском, немецком, французском, казахском и других языках. В работе рассмотрены труды и основные направления научных исследований Коныра. А также проанализирован вклад Иштвана Коныра Мандоки в тюркологию, в целом, и в кыпчаковедение, в частности.

Ключевые слова: Иштван Мандоки, история, тюркология, кыпчаки, кыпчаковедение, труды Иштвана Мандоки, венгры.

E.T. Bakytkali, Z.O. Dukenbaeva, B. Muratbekkyzy, Zh.S. Erdenbekova

Questions of the Kazakh-Turkic history in the works of Istvan Mandoka

The article is devoted to a brief review of the scientific activity of the outstanding Hungarian scientist, Turkologist, pioneer of European Kypchak studies. His main scientific interests are Kypchak-Turkic philology, the ancient history of the Magyars, ethnography and ethnic history of the Kuns (Kipchaks of Hungary), Kazakh-Kun parallels of language and ethnography. He has published more than forty scientific articles in Hungarian, German, French, Kazakh and other languages. The article deals with the works and main directions of Konyr's scientific research. The contribution of Istvan Konyr Mandoka to Turkology and Kypchak studies in particular is also analyzed.

Key words: Istvan Mandoki, history, Turkology, Kypchaks, Kypchak studies, works of Istvan Mandoki, Hungarians.

References

- 1 Mandoki Qonyr Ishtvan: omiri men onegesi [Mandoki Ishtvan the Brown: life and morals]. Retrieved from <https://merci-m.kz/ru/2020/11/06/mandoki-o-yr-ishtvan-miri-men-negesi/> [in Kazakh].
- 2 Evropeiskii kipchak, kotoryi vsei dushoi liubil tiurkskie narody [European Kipchak, who loved the Turkic peoples wholeheartedly]. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/news/show/5301> [in Russian].
- 3 Khinaiat, B. (2003). Velikaia step i ee poklonnik [The great steppe and its admirer]. *Kazakhstanskaia pravda — Kazakhstan Truth*. 20 sentiabria [in Russian].
- 4 Khinaiat, B. (2007). Mazharstan turkologiiasy: quman-qypshaq tekti galymdar zhane Mandoki Qonyr Ishtvan. Qazak tilinin tarikhy [Hungarian Turkology: scientists of Kuman-Kipchak origin and Mandoki Konyr Istvan. History of the Kazakh language]. “Altai dauiri — prototurik kezeni — kone turki eskertkishteri” atty Khalyqaralyq gylymi- teoriialyq konferentsiia materialdary — Altai era — Proto-Turkic period — Ancient Turkic monuments international scientific-theoretical conference materials. Astana [in Kazakh].
- 5 Astanada Ishtvan Qonyr Mandokidin murasy nasikhattaldy [The legacy of Istvan Konyr Mandoki was promoted in Astana]. Retrieved from <https://e-history.kz/kz/news/show/1396> [in Kazakh].
- 6 (1977). Mandoki Ishtvan Konyrdyn ata-zhurt zherindegi algashqy sukhbattary [Mandoki Istvan Konyr's first interviews in his homeland]. *Qazaq adabietii — Kazakh literature*, 14 oktiabr [in Kazakh].
- 7 Qonyrdyn zhuregi qazak dep soqty [Konyr's heart beat in Kazakh]. Retrieved from <https://inbusiness.kz/kz/news/%C2%ABkonyrdyn-zhuregi-kazak-dep-sokty%C2%BB> [in Kazakh].
- 8 (1996). Mongoliidagdy qazaq zhumbaqtary. Mandoki Konyr zhinaqtagan folklor ulgilerindegi Mongoliidagdy qazaqtar zhumbaqtary [Kazakh mysteries in Mongolia. Mysteries of Kazakhs in Mongolia in folklore samples collected by Mandoki Konyr]. *Zhuldyz – Zhuldyz*, 6, 198-200 [in Kazakh].
- 9 Babakumar, Kh. (2008). Pamiati Mandoki Konyra Ishtvana (1944–1992) [In memory of Mandoka Konyr Istvan (1944-1992)]. *Uly dalaynyn birtuar ulany — Great steppe hero*, Almaty, 105–116 [in Russian].
- 10 Mandoki I.Q. (1985). Alemge qulaq turgizgen (Europa orientalistikasyndagy Shoqannyn oryny) [The world is heard (the place of Shokan in the orientalism of Europe)]. *Bilim zhane enbek — Education and work*, 7, 5-7 [in Kazakh].